

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ - АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ**

**Сарыағаш ауданындағы «Самұрық» бөбекжай-
балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
қорытындысы**

Түркістан қаласы, 2025 жыл

**Сарыағаш ауданындағы «Самұрық» бөбекжай-балабақшасы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік аттестаттау
нәтижелері туралы қорытындысы**

Түркістан облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті
11 сәуір 2025 жыл, сағат 11.00.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2024 жылғы 24 қазандағы №1632 бұйрығымен бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2025 жылғы 07 сәуір күнгі №454 бұйрығы негізінде 08-11 сәуір күндері аралығында Сарыағаш ауданы, «Самұрық» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы департаменттің 07.04.2025 жылғы №454 бұйрығының қосымшасында бекітілгендей төмендегі құрамда өткізілді:

№	Комиссия құрамының Т.А.Ә.	Қызмет атқаратын білім беру ұйымының атауы	Қызметі
1.	Пахымбет Серік Сатыбалдыұлы	Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті	Бас маман, комиссия төрағасы
2.	Оспанова Ұлжалғас Ақшаханқызы	Отырар ауданы білім бөлімі	Әдіскер, комиссия мүшесі
3.	Жужжанова Карлығаш Спартаковна	Отырар ауданы білім бөлімінің «Ақбол» бөбекжай- бақшасы» МКҚК	Әдіскер, комиссия мүшесі

Комиссия бағалау критерийлеріне сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Сарыағаш ауданы, «Самұрық» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған

мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Сарыағаш ауданының «Самұрық» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Байбосын ата көшесі № 2 үй.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон: 87757424500 Электронды поштасы: samuryk001@gmail.com Вебсайты https://uly-orda.baqsha.edu.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Д.Сейкасимова «Самұрық» бөбекжайбалабақшасы » жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің меңгерушісі
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 05.07.2018 жылы берілген. Алғашқы тіркелген күні 17.02.2016 жыл БИН: 160240018962
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы толон қайта 2016 жылғы 16 наурыздағы №KZ89RVK00012368 хабарлама берілген.
7	Құрылған жылы	2016жыл
8	Типтік ғимарат	Екіқабатты типтікүлгіде
9	Топтар саны	ә топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақтілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: 1ауысым
13	МДҰ–ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 2 топқа арналған. 16.06.2017жылы Х.08.Х.KZ71VBS00073352 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілген. (egov.kz порталына ілінген) Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттары**

I. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – *ҮОЖ*) талаптарына сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей Бөбекжай - бақшаның жылдық оқу жоспары, барлық топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспар және циклограммалар бекітіліп талдауға ұсынылған. Оқу жүктемесінің максималды көлемі мен оқу қызметіне берілген уақыты 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 4-тармақ 3) тармақшасында көрсетілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 2, 3 – қосымшаларына (бұдан әрі – үлгілік оқу жоспары) сәйкестігін анықталды.

Балабақшаның 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына бекітілген жұмыс оқу жоспары кіші «Бүлдіршін», ортаңғы «Бәйтерек»тобына меңгерушімен бекітілген.

Балабақша сайты мен өзін-өзі бағалауында екі түрлі құжатты жүктеген, екуі де стандарт талабына сай емес, ескі форматта, ескі терминмен жасалынған. Балабақшаның өзін-өзі бағалауында басқа үш топтың атаулары көрсетілген.

3.6. Көрсөткічтүү жиналганы			
ЖИЧ «Саягатын бойдон»-Балыкчыликкемекені 1 жана 6 жана дейін балыктарын жана дейін сүйрөк мен сүйрөк балыктарынын ачуу кылыгынын ачуу жиналганы			
2014-2015 ачуу жана			
No	Кызыл баш саягатын/ Улууштарынын ачуу кылыгы	«Кызыл»-Кызыл жиналганы	«Кызыл»-Кызыл жиналганы
1	«Денгиз»	3	3
	Дене жиналганы	3	3
2	Кызыл(кызыл) жиналганы	1	1
	«Денгиз»	1	1
	Саягатын жиналганы	0,5	1
	Кызыл жиналганы	0,5	0,5
	Саягатын жиналганы	-	-
	Кызыл (саягатын)	-	0,5
	Саягатын (саягатын)	-	-
	Шарыктары	-	-
	Дене	-	-
	«Таным»	1	2
3	Кызыл(кызыл) жиналганы жиналганы	-	-
	Саягатын	0,5	0,5
	Дене	-	0,5
	Жарылыгы	0,5	1
4	«Шарыктары»	2	3
	Саягатын	0,5	1
	Мусулман	0,5	0,25
	Амалы	-	0,25
	Мусулман	-	1,5
	«Дене»	-	-
	Ой-ой жана	-	-
	Кызыл(кызыл) жиналганы	-	0,5
	Дене жиналганы	-	-
6	Улууштарынын ачуу кылыгы	7-11 жана	-

**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің аптадағы нормативтік жүктемесі
стандарт талабына сәйкес келеді**

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес келмейді.

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Бөбекжай - бақшаның бағаланатын кезеңге, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына бекітілген білім беру қызметі МТО МЖМБС-ның 4-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес әзірленген.

Үлгілік оқу бағдарламасының 5-тармағына сәйкес Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар жас ерекшеліктері ескерілген.

ҮОБ-ның 8-тармағында Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады» талабына сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет және ұйымдастырылған іс-әрекеттің оқу міндеттерінен тұратын перспективалық жоспар әзірлеген.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 1, 2-қосымшаларына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары, перспективалық жоспары жүктеліп салынған.

Бақшаның күн тәртібінде көрсетілген реттілікпен сәйкес жоспарланған. **2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспар жүктелмегендіктен анықтау мүмкін болмады.**

2023-2024 оқу жылында – жалпы 2 топ, оның ішінде 1 топтың - ортаңғы «Бәйтерек» тобына перспективалық жоспар бекітіліп, сайтқа жүктелген. Алайда, апталық оқу циклограммасы жоқ. Үлгілік оқу бағдарламаларының оқу міндеттеріне сәйкес келмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2 – тарау, 4-тармақ, 4 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес келмейді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Бөбекжай - бақша қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) талаптарына сәйкестігі қаралады.

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымы түрі - бөбекжай-бақша. **Үлгілік қағидалардың 3-тармағына сәйкес келеді.**

Бөбекжай - бақша 5 күндік жұмыс аптасымен бағаланатын оқу жылдарында бөбекжайда болу уақыты 10,5 сағат болуымен ерекшеленген. **Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес келеді.**

Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы

№	Топ атауы	Балалардың жасы	Бала саны
1	«Бәйтерек» ортаңғы тобы	3 жас	10
2	«Бүлдіршін» кіші топ	2 жас	15

«Бекітемін»
ЖШС «Самұрық» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: Д.Сейтасимова

«Бүлдіршін» тобы

Балалардың аты-жөні

1	Төрехан Аян	230117555112
2	Төрехан Саян	230117555093
3	Уренбаева Анара	230103654203
4	Алпысбай Инабат	221202652692
5	Қанатбек Жансерік	220406550120
6	Нурлан Нұрай	220827652291
7	Тәжібай Мариям	220305651354
8	Сабыр Ақерке	220707650103
9	Мұстафа Бөбек	220904654476

Менгерушісі: Д.Сейтасимова

Бәйтерек тобы

№	Аты-жөні	ЖСН
1	Құдайберген Арнұр	210828550554
2	Алпысбай Нұрман	210716552696
3	Бақтияр Батырхан	210129550679
4	Байбоснұлы Дінмұхаммед	210930550603
5	Бектаев Сұлтан	210209551265
6	Алтынбек Аяғөз	210925650523
7	Ерік Айлин	210119650264
8	Еркінәлі Мағжан	210831550883
9	Ерік Сабина	210706651412

Үлгілік қағидалардың 7-тармағына сәйкес келеді.

Бөбекжайды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады. Бөбекжай - бақша тарапынан сайтқа ұсынылмағандықтан, анықтау мүмкін болмады. Бөбекжай - бақша жиһаздарының тізімі ұсынылмаған. Топ бөлмесі тар, жеке балаға арналға сүлгілерінің саны жеткіліксіз, әжетхана бөлмесінде төсеніш (кілем) СЭС талабына сәйкес емес. Дамытушы орталықтар 5 дағдыға сай емес, жабдықталмаған.

Үлгілік қағидалардың 9 -тармағына сәйкес келмейді.

Бөбекжай-бақшада Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (занды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ болғандықтан талап етілмеді.

Үлгілік қағидалардың 10-тармағына сәйкес келеді.

Бөбекжай - бақшаның Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі ұйымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен (*нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелді*) бекітілген Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілмеген.

Үлгілік қағидалардың 12-тармағына сәйкес.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы ("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның (бұдан әрі –Бағдарлама) мазмұнын меңгеру кезеңі және 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі; мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін, тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылуы туралы мәлімет ресми сайтқа салынбағандықтан, анықтау мүмкін болмады.

Үлгілік қағидалардың 14-тармағына сәйкес келмейді.

Тәрбиеленушілердің орнын сақтау, сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша талдау есебі берілген. Ұлттық білім беру деректер қорында балабақша есебінен шығарылған тәрбиеленушілердің бұйрығы мен күні көрсетілмегендіктен, анықтау мүмкін болмады.

Қызметтің үлгілік қағидаларының 15 және 16-тармақтарына сәйкес.

10) ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен алынатын ай сайынғы төлем балабақша Жарғысында 2-6 жас аралығы 8000 тг болып белгіленген.

Үлгілік қағидаларының 17-тармағына сәйкес келеді.

11)Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен басшыларын аттестаттау бойынша 2024 -2025 оқу жылында

педагогтер саны –3, алайда жоғары оқу орнын көрсетіп, мамандығын көрсетпегендіктен мектепке дейінгі маман екенін анықтау мүмкін болмады.

Үлгілік қағидаларының 18-тармағына сәйкес келмейді.

Бөбекжай - бақшаның педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі талабы орындалмаған.

Үлгілік қағидалардың 22-тармағына сәйкес келмейді.

12)«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрық, Әділет ақпараттық жүйесінде № 23469 нөмірімен тіркелген*) сәйкес балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі ескеріліп, тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы б) тармақшасына сәйкес.

Балабақшаның штатына кіретін медициналық қызметкерлер ағымдағы медициналық бақылаудан өткендігін растайтын құжаттар балабақша сайтына орналастырылмағандықтан анықтау мүмкін болмады. Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 4) тармақшасына сәйкес келмейді.

Бөбекжай - бақша педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) сақталған. Балабақша педагогтері 5 жылдан асқан педагогикалық еңбек өтілі бар педагогтар біліктілік санатын көтерген педагогтар жоқ, ал педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға толмаған педагогтар 3.

Үлгілік қағидалардың 26-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетілмейтіні туралы құжаттар жүктелмегендіктен анықтау мүмкін болмады.

Үлгілік қағидалардың 27-тармағына сәйкес «Отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында ата-аналардың қажеттіліктері ескеріліп, консультациялық пункттер құрылады» талабына сай жоспар және ереже түзілмеген, растайтын құжаттар жүктелмегендіктен анықтау мүмкін болмады.

Үлгілік қағидалардың 28-тармағына сәйкес «Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құрылады» талабы бойынша Бөбекжай - бақшада аз қамтылған және көп балалы

отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балалардың жоқ екендігі жөнінде анықтама жүктелмеген.

Үлгілік қағидалардың 29-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаларына сәйкес құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық кеңестер болып табылады» талабы бойынша құжаттар, педагогикалық кеңес жоспары, хаттамалары, әдістемелік кеңестер хаттамасы жүктелмеген.

Үлгілік қағидалардың 31-тармағына сәйкес «Мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі» талабына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығымен 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шартына» сәйкес жасақталған келісім шарттың көшірмелері ұсынылмаған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2 – тарау, 4-тармақ, 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» талаптарына сәйкес келмейді.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті.

Мониторингтің өлшемшарттары балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің нәтижесінде баланың жеке даму карталары бойынша түзету шаралары енгізіліп, тәрбиешілер мен пән мұғалімдері жүргізеді.

Балабақшаның ресми сайтқа құжаттарын ұсынылмағандықтан, анықтау мүмкін болмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» талаптарына сәйкес келмейді.

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Бөбекжай - бақшаның ресми сайтта ұсынған құжаттарында 2022-2023 оқу жылында балалардың даму деңгейіне бақылау парақтары жүргізіліп, даму мониторингі жасалынып, ресми сайтқа орналастырылған.

«Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарламаның мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан, оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді» талабы сақталған.

Басқа топтар (*сыныптар*) үшін бастапқы бақылау алдыңғы жастың Бақылау парақтарымен жүргізіледі (*мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады*). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтары қолданылады.

Мониторинг жылына Зрет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бөбекжай - бақшаның бастапқы кезеңде жүргізілген мониторинг нәтижесіне талдау жасау барысында анықталғаны:

Балабақшаның ресми сайтқа құжаттарын ұсынылмағандықтан, анықтау мүмкін болмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау, 20-тармағына сәйкес келмейді.

б) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Мониторинг - балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді. Қойылған сандар мен пайыздық өлшемдер жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерін көрсетеді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталады. Қорытынды кезеңде Үлгілік бағдарламада белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі көрсетіледі.

Бөбекжай - бақшада үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің қорытынды жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына барлық тәрбиеленушіге жүргізілген жетістіктері ұсынылмаған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 21-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» 6, 7 – тарауда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді.

10) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті.

Бөбекжай - бақшаның 2022-2023 оқу жылында «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған.

Топ атауы	Кіші топ	Ортаңғы топ
Аптадағы нормативтік жүктемесі	4 рет	5 рет

Бөбекжай - бақшаның 2023-2024 оқу жылында «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Топ атауы	Кіші топ	Ортаңғы топ
Аптадағы нормативтік жүктемесі	4 рет	5 рет

2024-2025 оқу жылында «Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес айқындалған.

Топ атауы	Кіші топ	Ортаңғы топ
Аптадағы нормативтік жүктемесі	4 рет	5 рет

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 22, 23-тармақ талаптарына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес келеді.

11)Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Талдау нәтижелері: Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті.

Жас ерекшеліктеріне қарай бағаланатын кезеңдердегі топтарға бөлінуі туралы мәлімет

Бөбекжай - бақшаның бағаланатын кезеңге ұсынған балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде топтастыру қарастырылған.

№	Топ атауы	Балалардың жасы	Бала саны
1	«Бәйтерек» ортаңғы тобы	3 жас	10
2	“Бүлдіршін” кіші топ	2 жас	15

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балаларды топтастыру орындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тарау 25 тармақшасына сәйкес жас ерекшелігіне қарай топтастыру қарастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 1-тарау, 7-тармағына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4-тарауының 25-тармағына сәйкес келеді.

1) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны:

Бөбекжай - бақшаның 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл. Тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық

жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылған туралы мәлімет жүктелмегендіктен, анықтау мүмкін болмады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4-тарауының 26-тармағы талабына сәйкес келмейді.


ҚОРЫТЫНДЫ: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2025 жылғы 14 наурыз күнгі хаттамалық шешіміне сәйкес Сарыағаш ауданындағы «Самұрық» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес келеді деп есептелініп, аттестатталмасын.

Комиссияның хаттамалық шешімі «11» сәуір 2025 жыл.

Комиссия төрағасы

 С. Жақолмбет
(қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайда)

Комиссия мүшелері

 Ү. Оланова
(қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайда)

 Мужжальская С.
(қолы) (Т.А.Ә. болған жағдайда)

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

Р/с	Бағалауөлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	3
		95 - 99 %	
		80 - 94%	
		80 %-дантөмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	2
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	2
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	3
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	3
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дантөмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	2
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардыңсауалнаманәтижелерінталдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		65% -дан 79 % - ға	

		дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	4
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
	Жалпы		23

Сауалнама нәтижелері:

Ересек тобы ата-аналары үшін (толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін) телеграмм каналы арқылы сауалнама жүргізілді, төмендегідей нәтиже көрсетті:

<i>P/c №</i>	<i>Дағдылармазмұны</i>	<i>Толығыменкеліспеймін</i>	<i>Келіспеймін</i>	<i>Келісемін</i>	<i>Толығыменкелісемін</i>
1	Сіздің балаңыз бала бақшаға қуана барады	61%	3%	32%	4%
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	63%	3%	32%	2%
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	72%	1%	25%	2%
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	57%	6%	33%	4%
5	Мұғалімдер этика нормаларын педагогикалық әдептілікпен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды.	67%	2%	30%	1%
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	71%	1%	27%	1%
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	73%	1%	25%	1%
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңестірілген	62%	6%	29%	3%
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	65%	2%	31%	2%
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т.б балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі	60%	6%	31%	3%
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	67%	3%	29%	1 %
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?	38%	19%	30%	13%
	<i>Қанағаттанады -</i>	92,5 %			
	<i>Қанағаттанбайды -</i>	7,5 %			

Ересек тобы ата-аналары үшін Педагогтерге арналған сауалнама

<i>Р/с №</i>	<i>Дағдылармазмұны</i>	<i>Толығыменк еліспей-мін</i>	<i>Келіспеймін</i>	<i>Келісемін</i>	<i>Толығыменке лісемін</i>
1	Мектепке дейінгі ұйымының жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	68%	1 %	30 %	1%
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысушы және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған.	71%	2 %	26 %	1 %
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	72 %	1%	26 %	1 %
4	Мұғалімдер эмоциональді-психологиялық қолдау алады	68 %	3 %	28 %	1 %
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процестерін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалынған	74 %	1 %	24 %	1 %
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақытылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	76 %	1 %	22 %	1 %
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодекстерінің талаптарына сәйкес келеді	74 %	1 %	24 %	1 %
8	Әкімшілік жұмыс стилі мұғалімдердің өзін ізгі дамытуына және өзін өзі бекітуіне ықпал етеді	70 %	1 %	28 %	1 %
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар , мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	74 %	1 %	24 %	1 %
10	Оқу материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	74 %	1 %	25 %	1 %
11	Қжымда қолайлы моральдық – психологиялық ахуал бар	65 %	5 %	28 %	2 %
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңестірілген	79 %	1 %	19 %	1 %
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	84 %	1 %	15 %	0 %
14	Сапалы оқу процесін жүргізу үшін оқу әдістемелік және техникалық базасы құрылды	70 %	2 %	27 %	1 %
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалынған	75 %	1 %	23 %	1 %
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтерді көтермелеуді қолданады	70 %	3 %	26 %	1 %
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	79 %	1 %	19 %	1 %
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген – тексерушілер үшін ақша жиналды	14 %	35 %	6 %	45 %

	Қанағаттанады -	93,2 %
	Қанағаттанбайды -	6,8 %